

Юбилейные даты
Мерейтойлар
Anniversary dates

ДАВЛЕТГАЛИЕВ
СӘКЕН ҚАЛАМҚАЛИҰЛЫ
(Туғанына 90 жыл)



Қазақстанға танымал ғалым-гидролог, география ғылымдарының докторы, профессор **Давлетгалиев Сәкен Қаламқалиұлы** 2025 жылы 18 маусымда **90 жасқа** келеді.

Давлетгалиев Сәкен Қаламқалиұлы 1935 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданының Амангелді ауылында (бұрынғы Каменка ауданы, 1-ші Чижа ауылы) дүниеге келді. Сәкен Қаламқалиұлы бастауыштың төрт сыныбын Амангелді ауылында бітірді. 1947 жылдан бастап оқуын Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы №18 Қазақ ер балалары орта мектебінде жалғастырды.

1953 жылы Ленинград гидрометеорологиялық институтының гидрология факультетіне оқуға түсіп, 1958 жылы инженер-гидролог мамандығы бойынша диплом алады. Сол жылы жас маман ретінде ҚазКСР ҒА-ның Энергетика институтына жұмысқа жіберілді. Сәкен Қаламқалиұлы жұмысын су-энергетикалық мәселелер бөлімінде кіші лаборант қызметінен бастап, кейіннен аға лаборант, инженер және кіші ғылыми қызметкер сатыларын өтті. Бұл кезеңде ҚазКСР су энергетикасы кадастрын дайындауға және баспадан шығаруға, Тарбағатай Алатауының жылдық ағындысын зерттеуге, сондай-ақ ағындының жыл ішілік таралу заңдылықтарын зерттеуге қатысты.

1971 жылы техникалық ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Өзен ағындысының ықтималдық болжамдары және оларды СЭС пайдалану кезінде қолдану» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 1996 жылы Санкт-Петербург қаласында «Гидрологиялық қатарлар мен су ағындысы гидрографтарын статистикалық модельдеу» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Профессор Давлетгалиев Сәкен Қаламқалиұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық, ғылыми-зерттеу, әдістемелік және қоғамдық жұмыстармен

айналысып келеді. Ғалымның ғылыми ізденістері мемлекеттік және шаруашылық келісімшарттық тақырыптар мен гранттар аясында: Балқаш көлі, Д. А. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналы, Сібір өзендерінің ағындысын Қазақстан мен Орта Азияға бұру, Жайық, Іле, Ертіс, Сырдария трансшекаралық өзендері және Қазақстанның су ресурстары мен гидрологиялық сипаттамаларын бағалау мәселелеріне бағытталған.

Сәкен Қаламқалиұлы – 200-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы, оның ғылыми мектебі қазіргі таңда ел ішінде де, шет елдерде де беделге ие. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің метеорология және гидрология кафедрасында 40 жылдан бері оқытушылық қызмет атқарып келеді, көптеген курстық, дипломдық жұмыстарға, магистрлік диссертацияларға, PhD докторанттарға жетекшілік ете отырып, 2 география ғылымдарының кандидатын, 1 PhD доктор дайындады.

Ғылыми және педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін «Еңбек ардагері» медалімен, «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР БҒМ Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Сәкен Қаламқалиұлы – үлкен еңбексүйгіштік, адалдық, әділдік, жоғары мәдениет, сыпайылық және адамдарға деген ерекше ілтипатымен танылған тұлға.

Құрметті Сәкен Қаламқалиұлы!

Сізді 90 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, сарқылмас шабыт пен шығармашылық табыс, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Біз Сізді Қазақстанның гидрология ғылымының дамуына баға жетпес қосқан үлесіңізбен, ғылыми әлеуеті зор, талантты, еңбекқор ғалым, ғылым жолына және оқытушылық қызметке терең берілген адам ретінде білеміз!

Сәкен Қаламқалиұлы, Сіздің қажырлы еңбегіңізді әріптестеріңіз, студенттеріңіз бен ізбасарларыңыз құрметтейді, сіздің ғылым мен білім саласындағы жетістіктеріңіз әркез бағаланып, көптеген марапаттармен марапатталуда. Сіздің өміріңіз бен шығармашылық жолыңыз ғылымға қызмет етудің үлгісі болып табылады, жеке басыңыздағы ғылыми ізденістерге деген ұқыптылық, қарапайымдылық, адамдарға деген ілтипат пен мейірімділік сияқты қасиеттерге тек гидрологтар ғана емес, сонымен қатар басқа саладағы адамдар да құрметпен қарайды.

*Ізгі тілекпен –
әріптестеріңіз, шәкірттеріңіз
және редакция ұжымы*